

ЗИНОЛ-ҒАБДЕН

Зинол-Ғабден Қабипұлы Бисенғали кемел шағында. Ол - қазақтың қазіргі әдебиеттанушы ғалымдарының алдыңғы легіндегі көрнекті тұлғалардың бірі. Бір кезде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік студенті еді, бүгінде Қазақстан жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы. Университеттің филология факультетіне студент болып келген бозбала - бүгінде сол факультеттің қарт профессоры. Студент, аспирант, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, ғылым кандидаты, доцент, ғылым докторы, профессор, кабинет меңгерушісі, кафедра меңгерушісі сияқты белдер мен белестерден өтті. Халықаралық Айтматов академиясының академигі. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазіргі шақта аталған университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры. Жарты мыңға жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының, эссе, очерктердің авторы. Бірқатар еңбектері Қытай, Жапония, Түркия сияқты алыс шетел ғылыми басылымдарында жарияланды. «XX ғасыр басындағы қазақ романы» монографиясы Түркияде Мұғла университетінің баспасынан екі том болып жарық көрді (2000).

Профессор Зинол-Ғабден Қабипұлы Бисенғалидың өзінен кейінгілерден айрықша бір артықшылығы бар. Ол – қазақ әдебиеттану ғылымының XX ғасырдың екінші жартысындағы жақсылары мен жайсаңдарынан тәлім-тәрбие алғандығы, солардың көзінің алдында өскені, ортасын көргені. Ол – қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының классикалық кезеңі. Қазақ әдебиеттануының классикалық кезеңінде өніп-өскен әдебиеттанушылардың тобында профессор Зинол-Ғабден Қабипұлы Бисенғалидың тұлғасы көзге де, көңілге де толып, толық көрінеді.

З.-Ғ.Қ. Бисенғалидың зерттеу нысаны – XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы. 1984 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қалыптасуы (1917 жылдарға дейінгі кезең)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қалыптасу тарихын таразылау барысында әлеуметтік маңызы зор, ғылыми мәні үлкен, солай бола тұра әдебиеттану ғылымында арнайы көтерілмеген, сыры ашылмаған толып жатқан мәселелердің барына көз жеткізді. Кандидаттық диссертациясының желісін осындай өзекті мәселелер бойынша құрды. XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қалыптасу заңдылықтарын пайымдады, тақырыбы мен идеялық мазмұнындағы, сюжеті мен композициясындағы ерекшеліктерді, жанрлық құрамын анықтады, стильдік машықтар мен мәнерлер типологиясын саралады, көркемдік әдісін сараптады. Қазақ прозасы XX ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ көркемдік дамудың жаңа арнасына шыққанына көз жеткізді. Және мұның өзін тарихи жағдайдағы экономикалық заңдылықтар нәтижесінде пайда болған жаңа әлеуметтік ортаның қажеттілігінен туған қоғамдық санадағы жаңарудың нәтижесі екені туралы жаңа ғылыми тұжырым негіздеді.

XX ғасырдың басындағы қазақ прозасының іргелі мәселелерін арнайы зерттеудің өзіндік қиындықтары болды. Зерттеу нысанына алынған

шығармалардың көпшілігі ол кезде кітап болып, баспадан шықпаған, мерзімді баспасөз беттерінде ғана жарық көрген болатын. Зерттеуші ХХ ғасыр басында жеке шығарма түрінде жарық көрген туындыларды мерзімді баспасөз беттерін парақтап оқып отырып, зерттеу нысаны болар прозалық үлгілерді бір талдап жинады. Әсіресе «Айқап» журналы жариялаған прозалық үлгілерді, маржандай жарқыраған ең бір ұсағына дейін қалдырмай, теріп алды. Автор ХХ ғасыр басындағы бұқаралық ақпарат құралдары арасында «Айқап» журналының алғашқы санынан бастап соңғы номеріне дейін әдеби көркем шығармаларды жүйелі және ұдайы жариялағанын көрсете отырып, ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әдеби өмірінде оның орны ерекше деп білді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті түрлі ағымдар бағытымен саяси-идеологиялық талқылауларға, сынға түскен, жас ғалым ғана емес, бас ғалымның өзі абайлап баратын, аңдап сөйлеуге мәжбүр болатын кезең-ді. Жас ғалым осындай қалыңға түсіп, одан олжалы шықты. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеттану ғылымындағы елеулі жетістік, жақсы жаңалық ретінде қабылданды.

Ғылыми-зерттеу саласында тәжірибе жинап, білім қорын байытқан ғалым 1997 жылы «ХХ ғасыр басындағы қазақ романы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Ғылыми-зерттеу нысанының хронологиясы ХХ ғасырдың алғашқы ширегін тұтас қамтып, қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңімен тоғысып жатты. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезеңі де саяси-идеологиялық талдаулар мен талқылауларға толы еді. Зерттеуші бұл тұста да ақырын жүріп, анық басып, көздеген мақсатына жетті, қарама-қайшы келіп жатқан ойлар мен пікірлерді зерттеліп отырған құбылыстың болмыс-бітімімен сабақтастырып, қайшылықтардың диалектикасына жетті, теріске шығаруды теріске шығарудың методологиялық тетігін тапты. Сөйтіп, ХХ ғасыр басындағы қазақ романының даму жолдарын, ішкі заңдылықтары мен сыртқы қалыптарын сала-саласымен саралап шықты. ХХ ғасырдың басындағы қазақ романы мейлінше жетіліп, көркемдік сәні жағынан да, әлеуметтік мәні жағынан да ең бір биік деген талаптарға лайықты деңгейге көтерілгенін пайымдады. ХХ ғасыр басындағы қазақ романының жанр ретінде қалыптасуының негіздерін, дамуының өзекті бағыттарын, образдылығының ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық құндылығын ашты.

Ғалымның ғылыми шығармашылығының бір саласы Абайдың өмірі мен шығармашылығы мәселелерімен байланысты. Абайдың қарасөздерінің жанрлық табиғатын, көркемдік болмысын, әлеуметтік мазмұны мен мәнін зерттеу бағытында үлкен ізденістерге барды. Абайдың өмірі мен шығармашылығы саласында бірнеше ғылыми жобаларға қатысты, арнайы зерттеу мақалалар, монографиялық тараулар жазды. Олар «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының тиісті томдарында жарияланды. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымының ғылыми-редакциялық кеңесінің мүшесі ретінде қажырлы еңбек етті. «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес, ғалымдардың талай буынының

тәжірибесін, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпараттары мен өндірген білімдерінің мол қорын қамтитын дербес ғылыми база негізін жасауға өзіндік үлесін қосты.

З.-Ғ.Қ. Бисенғали ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениет саласы үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандар даярлау ісінде де үлкен жетістіктерге жетті. Қазақстан Республикасының негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйесі, сондай-ақ жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері үшін неше буын мамандар даярлады. Олардың ішінде жиырмадан аса ғылым кандидаттары мен докторлары бар, PhD докторлары мен ғылым магистрлерінің өзі - бүтін бір лек. Ұзақ жылдар бойында диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы бола жүріп, ғылым докторлары мен кандидаттарын даярлау ісіне үлкен еңбек сіңірді. Ғалым-ұстаз алдынан өніп-өсіп шыққан мамандардың талай буыны бүгінде халық шаруашылығының түрлі салаларында жемісті еңбек етуде.

Ғалымның ғылыми зерттеулері нәтижелерінің көпшілігі түрлі республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама түрінде оқылып, тиісті сараптаулардан өтті, ғылыми ойға қозғау салды, бағыт сілтеді. Жарты ғасыр бойында сол конференциялардың көбінде бірге болдық, қырғыз ғұламаларымен де сапарлас болдық. Осындай сапарлардың бірінде Бішкекке келе жатып Шудың көпіріне жақындап қалған едік, қырғыз ғұламасы маған: «Жанғара, білесің бе – мына жерде «Келдімұра» деген мұнара болған», - деп, Шудың жағасын нұсқады. Мен білмейтінімді айттым. Ол үндемеді. Алматыға келген соң, осы сұрақтың жауабын табу жолында біраз іздендім. Ақыры таптым. Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Жалаңаш баба» деп аталатын еңбегінде жазып қалдырыпты. Қырғыз ғұламасының сұрағына жауапты Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кітабынан тапқанымға қуанбадым, әлдебір жосықсыз жайға қапа болғандай хәл кештім. Жолда неше алуан әңгімелер айтылады екен, жақсы, жайлы әңгімелер айтқанға не жетсін.

Кейін келе мұндай іссапарға үлкен кісілер шықпайтын болды да, кейінгі буын өкілдері, біздер, шығып жүрдік. Іссапарымыз көбіне Алматы-Бішкек, Алматы-Тараз бағыттарында. Барып-қайтқанға жеңіл. Ары-бері өткенде, киелі асу Қордайдың түбінде аялдайтынымыз болатын. Осындай аялдаулардың бірінде Зинок-Ғабден Қабиұлы маған бір аңыздың желісін айтты. Аңыз оқиғасы Қордай тұсында, Сұлутөр қойнауында болғанға ұқсайды. Бойжеткен қыздың ұзатылар тойының қарсаңы екен. Қалыңдық қасына нөкер қыздарын алып, келе жатқан күйеу жігіттің алдынан шығады. Жасанып шыққан қырық қыз бір түсті қырық жорғаға мінеді. Жаздың күні екен, қыздар жеңіл киініпті. Сұлутөр маңына келгенде, күн бұзылады, дауыл тұрып, қар борады. Айнала көзге түртсе көргісіз түнекке айналады. Ұйтқып соққан қарлы боранда, суық желде ат үстінде отыру мүмкін болмай қалады. Содан қыздар аттарынан түсіп, бір ықтасынға тығылып отырады. Біріне-бірі тығылып отырған қыздарды бораған қар басып қалады. Таңертең қар басылғанда, қақаған аяз қысады. Қырық қыз мінген қырық жорға суықтан қатып өледі. Қар астындағы қыздар да қатып қалады.

Қар астында қатып өлген қырық қызды күйеу жігіт пен қыздың әкесі табады. Қырық қызды сол маңға жерлейді. Қырық қыз жерленген жерде қырық төбешік тұрады. Бұл жерді ел «Қырық зират» иәки «Қыздар зираты» деп атайды.

Осы өлкенің елі мен жері, тауы мен даласы туралы аңыздарды жинап жүргеніме біраз жылдардың жүзі болған. Әуелде 1000 аңыз еді, оның біразын қысқартып, 700-ге түсіргенмін. Соған мына аңызды 701-ші қылып қоспақ болдым. Ол үшін маған аңыздың дерек көзі керек болды. Зекең бұл аңыздың дерек көзі «Айқап» журналында екенін айтты. Соны табуға біраз уақыт жұмсадым. Ақыры таптым. Нақты сілтемені Зекеңнің «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы» монографиясынан алдым.

Сұлтөр, Қордай айналасына қатысты қолымда бірнеше аңыз бар болатын, бірақ мына аңыздың сарыны сұрапыл көрінді. Әдетте әр нәрсенің мәнін, мәнісін іздейтініміз бар ғой. Сол секілді аңыз оқиғасынан жалпыға ортақ ой тастайтын бір идеяны аңғартсам ба деген едім. Олай етпедім. Аңыздың мәнін, мәнісін іздеуді оны оқыған жұрттың еркіне қалдырдым. Ешбір өзгеріссіз, қоспасыз аңыздар кітабының қолжазбасына енгіздім, ғылыми түсініктерін жаздым, библиографиялық мәліметте Зекеңнің кітабын көрсеттім.

1000-нан 700-ге қысқартылған аңыздар бүгінде 721-ге жетті. Аңыздар кітабының екінші басылымы осы көлемде жарық көретін болар деп ойлаймын.

Аңыздарға ерекше қараймын. Жақсы көремін. Көңілім толқып оқимын. Мына аңыздан кейін, Зекеңді де ерекше жақсы көріп қалған сияқтымын. Бұрын да шет көрмеуші едім. Зекең де мен сияқты қуансын деп, Маңғыстаудың 300 әулиесі туралы аңыздар тобы жарияланған ескі бір журналдың электронды нұсқасын пошта арқылы қолына бердім. Зекең оған қуанған-қуанбағанын білдірмеді. Сірә, бұл дерек көзінің Зекеңе бұрыннан белгілі болғаны-ау деп шамаладым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жарты ғасыр қатар жүргенде Зинок-Ғабден Қабиұлының жақсы жақтарын көп көрдім. Білім десек, білімі бар, ғылым десек, ғылымы бар, кісілік десек, кісілігі бар, ірілік десек, ірілігі бар. Ақырын жүреді, анық басады. Оның үстіне сөйлей қалса, шешен, ойлай қалса, терең. Лекциялары мен семинарларында білім алушыларын өз ойына сүттей ұйытып алады да, сол күйді сабақ біткенше бір қалыпты ұстап тұрады. Редакторлық шеберлігінде мін жоқ. Ғылым мен білім адамы үшін кемел шақ дегеніміз осындай болар деп шамалаймын.

Профессор Зинок-Ғабден Қабиұлы Бисенғали қазір кемел шағында. Ол Қазақстанның жоғары мектебінің, ғылымы мен білімінің, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, қазақ қоғамының рухани жаңаруына үлкен үлес қосты.

Кемел шағындағы кәміл профессорды мерейлі жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймын! Отбасына, туғандары мен жақындарына амандық-саулық, құт-береке, жаңа табыстар тілеймін.

20.10.2020